

## Кітап – ұлы ұстаз

Абай Құнанбаев атындағы №2 орта мектебінде қазанның 7-сі күні «Руханият» үйірме мүшелерімен «Кітап – ұлы ұстаз» атты тақырыпта кітапханалық сабақ өтті. Кітапханалық сабақтың мақсаты – оқушыларға білімнің кітап арқылы берілетіндігін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы мен білімнің пайдасы жөнінде түсіндіру. Кітапты дұрыс, таза күтіп ұстауға үйрету, сөздік қорын молайтып, ой-өрісін дамыту. Кітапқа деген қызығушылығын арттыру, адамгершілікке, ізгілікке, эстетикалық талғам жоғары болуға тәрбиелеу. Бұл іс-шарамызға біздің мектептің 4 «а»,



«б», «в» сынып оқушылары мен сынып жетекшілері қатысты. «Руханият» үйірме жетекшісі Б. К. Темирханова, мүшелері 7 «ә» сынып оқушылары: Қаракоз Самат, Зарина Букенова, Анара Жетписбаева, Атлана Ахмедина, Алина Абдурахитова, Алия Кайролаева және Айым Бекетаева қатысты. Үйірме мүшелері «Оқулық дәрігері» атты көрініс және үш оқулық туралы: «Ана тілі, орыс тілі, және тарих» қойылымын көрсетіп, корермендердің ықыласына бөленді. Кітап жайлы мақал-мәтелдер айтылып, нақыл сөздер жазылған цитаталар ашылды. Қорыта келе, сабақ өте тартымды және қызықты өтті. Оқушылар сұрақ қойып, пікір таластырды. Кітапханалық сабақ оқушыларға өте маңызды әсер бергені байқалды.

«Руханият» үйірме жетекшісі №2 ЖОББМ  
Б. К. Темирханова